# Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 тамыздағы N 676 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 10 шілде N 1093. Күші жойылды - ҚР Президентінің 1998.04.27. N 3928 жарлығымен. ~U983928

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "КСРО Мемагроөнеркәсібінің Өсімдіктер карантині жөніндегі Қазақ КСР-і бойынша мемлекеттік инспекциясын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік бас инспекциясы етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 тамыздағы N 676 қаулысына P920676_ ( Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1992 ж., N 32, 497-бап) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет туралы ереженің 14-тармағы мынадай редакцияда жазылсын;

"Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет республикалық бюджет қаражаты, сондай-ақ карантиннен тыс өсімдіктерді республикаға әкелгені және одан шығарғаны үшін, оларды кейіннен өндірістік мақсаттарға пайдалана отырып залалсыздандырғаны үшін заңды және жеке тұлғалардан алынатын арнаулы қаражат есебінен қаржыландырылады";

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік бас инспекциясының кәсіпорындар мен ұйымдарға көрсететін қызметінің бағаларының прейскурантын бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК